

СӨЖ

- 1. *Авторы*: Сұлтанәлі Балғабаев
- 2. *Тақырып*: Кейіпкерлерінің атымен қойылған “Аспирант, әйел және жын”
- 3. *Жанр түрі*: Драма, комедия.
- 4. *Идеясы*: Барға қанағат ету; Әр нәрсеге өз күшемен жету
- 5. *Кейіпкерлер*: Аспирант, әйел және жын.
- 6. **Шығарманың композициялық құрылысы:**
 - 6.1. *Кіріспе бөлімі*: Аспиранттың бөлмесінде отырып, диссертация жазудың орнына таныстарын қыдыруға шақыруымен басталады.
 - 6.2. *Негізгі бөлім*: Әйелі үйге жын сатып әкеледі. Негізгі оқиға осымен өрбиді.
 - 6.3. *Шиеленісуі*: Жын әйелдің айтқанын орындайды, яғни күйеуі алғашында кандидат, одан кейін доктор, сосын профессор болуы.
 - 6.4. *Қорытынды*: Барға қанағат етпей, мүмкін еместі тілеген әйел тақырға отырып қалады.
- 7. *Әдеби троп*: Кездеспеді
- 8. *Сөздікпен жұмыс*: Түсініксіз сөз кездеспеді.
- 9. *Шығарманың негізгі түйіні*: Адамға қанағатшыл болуды түсіндіру. Әр нәрсеге оңай қол жеткізгеннен гөрі, адал еңбекпен жеткен дұрыс екенін көрсету.

- 1. *Авторы*: Сұлтанәлі Балғабаев
- 2. *Тақырып*: Негізгі оқиға өрбитін туыстар атауымен қойылған “Құдағилар”
- 3. *Жанр түрі*: Драма, комедия.
- 4. *Идеясы*: Шүкіршілік ету; Байлыққа шомылып, адамгершілікті ұмытпау
- 5. *Кейіпкерлер*: Гүлрайхан, Сайдаш, Нәзипа, Баймұрат (Гүлрайханның күйеуі), Мейрамғали (Гүлрайханның ұлы, студент), Раушан
- 6. *Шығарманың композициялық құрылымы*:
 - 6.1. *Кіріспе бөлімі*: Әйелінің сиыр сауып келуімен басталады. Ол күйеуіне көмектеспегені үшін ұрысып, балаларының тезірек үйленгенін қалайтынын айтады.
 - 6.2. *Негізгі бөлім*: Кенже баласы үйге келін әкеледі.
 - 6.3. *Шиеленісуі*: Гүлрайханның үйіне құдағи қызын алып кетуге ашуланып келеді.
 - 6.4. *Қорытынды*: Байлыққа кеңеліп жүрген құдағиы Гүлрайханның жас кезінде сырлас болған құрбысы екенін білумен, бір кездері өзі де тапшылықта өмір сүргенін түсінуімен аяқталады.
- 7. *Әдеби троп*: Кездеспеді
- 8. *Сөздікпен жұмыс*: Түсініксіз сөз кездеспеді.
- 9. *Шығарманың негізгі түйіні*: Өмірдің мәні дәулетте емес екенін түсіндіру. Байлық адам санасын улайтынын көрсету.

Жек көрем итті!

Алысып жүрем,

Шабысып жүрем!

Қағынып..

Сайын даланың тағысымын – мен,

Не деген ғажап – тағылық!

Шауып түсемін!

Күш ағысымды

Сыйғыза алмай ішіме.

Адамның алмас пышағы сынды

Ырзамын азу тісіме!

- 1. **Авторы:** Серік Ақсұңқарұлы
- 2. **Тақырып:** Ақынның өзіндік белгісі – қасқыр. Өзін қасқырға теңеп, оған тән мінез мен де бар дейді. “Қасқырдың монологы
- 3. **Жанр түрі:** поэзия
- 4. **Идеясы:** тегінен айырылып, өлексе үшін жұлысып итке айналып бара жатқандармен қарсы тұрып келе жатқанын айту
- 5. **Шумақ:** 2 шумақты
- 6. **Тармақ:** 11 тармақты
- 7. **Негізгі бөлім:** Кенже баласы үйге келін әкеледі.
- 8. **Бунақ:**
- 9. **Буын саны:** 3 жол – 5 буынды. 4-ші жол – 3 буынды. Осылай 3 рет қайталанады.
- 10. **Әдеби троп:**
- **Метонимия:** Жек көрем итті
- **Метафора:** Даланың тағысы; күш ағысы, адамның алмас пышағы
- 11. **Сөздікпен жұмыс:** Түсініксіз сөз кезедспеді.
- 12. **Тәрбиелік мәні:** Ақын өзін теңеп тұрған қасқырдай болу

Қасқыр-бабалар!
Бар ұлыстардың
Мазасын алып манадан –
Иттермен болған қанды ұрыстардың
Иісін сезем даладан.
Қаңқу сөз жүрек кегін үрлейді,
Қарлық-қарғысқа барабар.
Бізбенен иттің тегі-бір дейді..
Рас па, қасқыр – бабалар?!

Ала төбеттің астында қалар,
Күн туғаны ма ақыры..
Неге үндемейсіңдер, қасқыр- бабалар,
Қағынып кеткен жатыры?
Неге үндемейсіңдер?
Ұрлық түн еді.
Жатқаным мынау – жау іші.
Аспанның астын дүрліктіреді,
Үрген иттердің дауысы...

Мен –
Ұлыған Көк Бөрісі Даланың,
Ұлымауға амалым жоқ, амалым.
Құлдар сүйді –
Құл иелену заманын!
Сұмдар сүйді, -
Сұм иелену заманын!!
Қайтем енді құлға кеткен есемді?!
Қайтем енді сұмға кеткен есемді?!
Бітті менің заманым!
Хош, енді..